

Қаражал қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 15 қаңтардағы № 5 "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және Қаражал қаласы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Қаражал қаласының әкімдігінің 2021 жылғы 8 ақпандағы № 12 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 11 ақпанда № 6185 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес Қаражал қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қаражал қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 15 қаңтардағы № 5 "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және Қаражал қаласы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5689 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2020 жылғы 27 қаңтарда, 2020 жылғы 1 ақпандағы № 5 (991) "Қазыңалы өңір" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қаражал қаласы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қаражал қаласының әкімі

Т. Досаев